


**Республика бойынша 2019 жылы жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай**


Қазақстан Республикасында инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты болып сипатталады. 2019ж. республика халқының арасында 18 нозология бойынша, оның ішінде А,В,С паратифамымен, обамен, пастереллезбен, Легионерлер ауруы, дифтериямен, паралитикалық полиомиелитпен, Ку қызбасымен, висцералды лейшманиозбен ауру жағдайлары тіркелмеген.

2018 жылмен салыстырғанда жұқпалы және паразиттік 51 ауру бойынша сырқаттанушылық төмендеді, оның ішінде: иерсиния энтероколитика тудыратын энтериттер 7,3 есеге, ботулизм 2,4 есеге, жіті вирусты гепатит 33,3%-ға (оның ішінде АВГ 33,4%-ға, ВВГ 34,6%-ға, СВГ 36,9%-ға, ДВГ 3 жағд.), менингококк инфекциясы 35,2%-ға, ротавирустық энтерит 28,6%-ға, энтеробиоз 29,4%-ға, желшешек 22,1%-ға, трематодоз 21,6%-ға, бруцеллез 16,7%-ға, сальмонеллез 16%-ға, ДСВГВ 11,8%-ға, туберкулез 5,4%-ға, дерматомикоз 5,4%-ға **төмендегені байқалады.** (Сурет 1)



**1 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар төмендеуінің 2018-2019 жж. салыстырмалы сипаттамасы.**

Сонымен қатар, талданып отырған кезеңде республика бойынша мынандай сырқаттанушылық көрсеткіштері: қызылша, көкжөтел, іріңді менингит, созылмалы вирусты гепатиттер **артқандығы байқалады.** (Сурет 2)



**2 – сурет-Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулар өсуінің 2018-2019 жж. салыстырмалы сипаттамасы.**

Талданып отырған кезеңде республика бойынша 12 сібір жарасы, 5 қызамық, сырттан әкелінген 4 тырысқақ жағдайы және безгектің 2 жағдайы тіркелген.

*Жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында ауруды жұқтыру мен одан әрі дамытуға жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтау қажет:*

- ✓ салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйықтау, таза ауада дем алу, белсенді демалыс, үйлесімді, дәруменге бай тамақтану), бұл кез келген инфекциямен күресуде организмге көмектеседі;
- ✓ сатып алынған өнімдердің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімін мұқият қадағалау қажет;
- ✓ жеке гигиена ережесін қатаң сақтау керек (тамақты дайындар алдында және тамақ ішердің алдында, жануарларды ұстағаннан кейін, дәретханаға барғаннан кейін қолды мұқият сабындап жуу);
- ✓ тағам өнімдерін арнайы сатуға рұқсат етілген орындардан алу керек;
- ✓ шомылуға арналған арнайы орындарда ғана шомылу қажет;
- ✓ қайнатылған, бөтелкедегі немесе кепілдендірілген сапалы суды қолдану керек;
- ✓ тұрғын үйде үнемі тазалықты, жеке гигиенаны сақтап, балаларға қайнатылмаған сүт өнімдерін, шикі жұмыртқаны бермеу керек, тағам дайындауға тек балғын өнімдерді қолдану қажет;

- ✓ жәндіктердің шағуынан қорғау мақсатында жәндіктерді үркітетін және жоятын құралдарды (репелленттер мен Инсектицидтер) қолдану, сондай-ақ үй-жайларда міндетті түрде терезелер мен есіктерді желдету ұсынылады;
- ✓ қауіпті жұқпалы аурулар тіркелген елдерден қайтып келген кезде 21 күн ішінде өз денсаулығының жай-күйін бақылау, ал кез келген қызба ауруы, ішек инфекциясы, респираторлық немесе қандай да бір басқа симптомдар мен синдромдар туындаған кезде дереу дәрігерге бару, міндетті түрде барған мемлекеттің атауын ескерту ұсынылады.